

9-дәріс: Қазақстан Республикасының адвокатура қызметі.

Дәрістің сұрақтары:

1. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидаттары.
2. Адвокаттың мәртебесі.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидаттары. Адвокатура азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету үшін құрылған кәсіптік, өзін өзі басқаратын ұйым. Ол құқық қорғау органы болып табылмайды, заңды бұзуға жол берген адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу құқығы жоқ, оның іс әрекеті мен шешімі жалпыға міндетті сипатта емес, алайда адвокатураның қызметі азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың мүдделерін қорғауда мағызы зор.

Адвокатураның қызметі ҚР Конституциясының 13, 16 баптарына сәйкес жүзеге асырылады, яғни әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі. Конституцияның 16 бабының 3 тармағында ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған әрбір адам адамның сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін алуға құқығы көзделген.

Қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

Адвокатура тәуелсіз ұйым болып табылады. Атқарушылық, сот билігінің лауазымды адамадары адвокатты, мысалы клиенттің мүддесін қорғауда оның белсенділігін азайтуға мәжбүр ету үшін ықпал ете алмайды. Адвокатураның санын, ышпығыстары мен кірістерін ешкім де бекіте алмайды. Адвокатура өзін өзі басқаратын ұйым болып табылады, сондықтан ҚР Әділет министрлігі мен оның органдары тарапынан бақылау жоқ, олардың нұсқаулықтары мен әдістемелік ұсыныстарын басшылыққа алуға құқылы.

Қазіргі кезде адвокатура қызметпен айналысатын адамдардың негізгі ұйымдық бірлестігі адвокаттар алқасы болып табылады. Адвокаттар алқасының өзінің мөрі мен бланкісі, банктерде шоты бар заңды тұлға болып табылады. Алқаны құру құрылтайшылары тобының бастамасымен жүзеге асырылады. Алқаны ұйымдастыру және оның қызмет тәртібі алқа мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданатын оның жарғысымен айқындалады. Жаңадан қайта құрылған алқалар мен олардың жарғылары ҚР Әділет министрлігінде тіркеуге жатады.

Адвокаттың мәртебесі. Адвокат - міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және “Адвокаттық қызмет туралы” заңмен реттелетін адвокаттық шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін ҚР азаматы. Жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады.

Адвокат жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және заңмен реттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін ҚР азаматы.

Адвокаттың көмекшіліре мен тағлымдамадан өтушілері болуы мүмкін. Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқаулары бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы.

Жоғары заң білімі бар азаматтар ғана адвокаттың тағылымдамадан өтушілері болып табылады. Тағылымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасы қаулысының негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет стажы бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағылымдамадан өтеді. Адвокат лицензия негізінде жұмыс істейді. Лицензия негізгі, тұрақты болып табылады және оның күші ҚР барлық аумағында қолданылады. Заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі.

Заң көмегін көрсететін тұлғалар өздерінің құқықтарын жүзеге асыру және кәсіптік міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады.

Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың қызметіне прокуратура, соттар, басқа да мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейді.

Клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау.

Заң көмегі жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруда жәрдемдесу мақсатында көрсетіледі.

Заң көмегін көрсету кезінде клиенттің ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемітетін, оның жеке өмірінің қолсұғылмаушылығына қол сұғатын, оның жеке және отбасылық құпиясын, жеке салымдар мен жинақ ақшалардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесулердің, пошталық, телеграфтық және өзге де хабарлардың құпиясын бұзатын әрекеттерге тыйым салынады.

Клиенттің мүддесінде заң көмегін ұсыну.

Заң көмегін көрсететін тұлға клиенттің мүдделеріне зиян келтіруді болғызбау үшін қажетті шараларды қабылдай отырып, өзінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындауға міндетті.

Заң көмегін көрсету кезінде заң көмегін көрсететін тұлға клиентке, қаржылық шығындардың сипаты мен мөлшерін қоса алғанда, заң көмегінің ықтимал нәтижелері мен салдарларын түсіндіруге міндетті.

Заң көмегін көрсету шараларын таңдау клиенттің мүдделерін негізге алуға тиіс.

Заң көмегін көрсететін тұлға кәсіптік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысын болғызбау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Кәсіптік құпияны сақтау. Клиенттің келісуінсіз кәсіптік құпияны ашуға болмайды.

Заң көмегін көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кәсіптік құпияны сақтау жөніндегі шаралар қабылданады. Кәсіптік құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмейді. Кәсіптік және әдептік мінез-құлық нормаларын сақтау.

Заң көмегі жоғары кәсіптік және әдептік нормалар сақтала отырып көрсетіледі. Осы нормаларды қалыптастыруды заң көмегін көрсететін тұлғалар жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық, адамгершілік нормалары және заң көмегін көрсету стандарттары негізінде жүзеге асырады.

Заң көмегін көрсету шектері мен шараларын айқындау еркіндігі

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, заң көмегін көрсетудің шектері мен шаралары заң көмегін көрсететін тұлғаның қалауы бойынша айқындалады және шектеледі.

Заң көмегін көрсету стандарттарын сақтау

Заң көмегін көрсету стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік практикаларын ендіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны жүзеге асыруға тиісті кәсіптік даярлығы бар және өз біліктілігін кезең-кезеңімен арттырып отыратын адамдар жіберіледі. Сотқа, сот ісін жүргізу қағидаларына және кәсіп бойынша әріптестерге құрмет

Заң көмегін көрсететін тұлғалар өздерінің кәсіп бойынша әріптестеріне құрмет, әділдік және ынтымақтастық рухында қарым-қатынас жасауға тиіс.

Заң көмегін көрсету сотқа және сот ісін жүргізу қағидаларына деген құрметке негізделуге тиіс.

Заң көмегінің түрлері

Заң көмегі:

1) құқықтық ақпарат беру;

2) құқықтық консультация беру;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және білдіру;

4) клиентпен қолданыстағы немесе ықтимал құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылатын кез келген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауда клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін өзге құқықтық әрекеттер жасау түрінде көрсетіледі.

Құқықтық ақпарат беру, құқықтық консультация беру, адвокаттардың жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауы және білдіруі "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады.

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға және заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокаттар алқасы адвокаттардың қылмыстық істер, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қорғау, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруда жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі қызметін ұйымдастырады.

3. Адвокаттар өздері жүзеге асыратын адвокаттық қызмет шеңберінде көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Нормативтік-құқықтық актілер мен әдебиеттер:

1. Кемали, Е.С. Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары. Алматы - 2016ж.
2. Жүрсімбаев, С.К. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары . Алматы- 2010 ж.
3. Садыканова, Ж.Е. Соттың қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдануы. Өскемен - 2010ж.
4. Сәлкебаев, Т.С. Шет ел полициясының ұйымдастырылу-құқықтық негіздері және тәжірибесі. Алматы – 2009ж.
5. Қаржаубаев, Е.К. Қазақстан Республикасы сот билігінің құқықтық мәртебесі. Алматы – 2006ж.
6. Алиев, М.М. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары Астана -2006ж.
7. Мами, К. Қазақстандағы сот реформасының даму кезеңдері. Астана – 2003ж.
8. www.zakon.kz
9. www.minjust.kz.